

Теңіз қондырғылары радиооператорының, жер үсті радиооператорының және теңіз қондырғыларына тікұшақты қондыру жөніндегі технигінің лауазымдарына біліктілік талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті Төрағасының 2006 жылғы 4 қыркүйектегі N 190 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2006 жылғы 8 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 4381. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 6 тамыздағы № 496 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011.08.06 № 496 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы"»Қазақстан Республикасы Заңы 5-бабының 26)-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) теңіз қондырғылары радиооператорының лауазымына біліктілік талаптары;

2) жер үсті радиооператорының лауазымына біліктілік талаптары;

3) теңіз қондырғыларына тікұшақты қондыру жөніндегі технигінің лауазымына біліктілік талаптары бекітілсін.

2. Әуежайлардың қызметін реттеу, әкімшілік-құқықтық жұмыс және халықаралық қатынастар басқармасының әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету бөлімі (Қ.Малдыбаев) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркеуін және ресми түрде жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті Төрағасының орынбасары Р.О.Әдімолдаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Қазақстан Республикасы Көлік және
коммуникация министрлігінің
Азаматтық авиация комитеті

**Теңіз қондырғыларына тікұшақты қондыру жөніндегі
технигінің лауазымына біліктілік талаптары**

1. Техникалық білім.
2. Теңіз кемеде немесе теңіз қондырғында жұмыс тәжірибесі.
3. Әуе кемеге қызмет көрсету бойынша жұмыс тәжірибесі.
4. Әуе кемелерге қызмет көрсетуге байланысты оқу апаттан құтқару шараларды жүргізу бойынша жұмыс тәжірибесі.
5. Персонал басқару бойынша жұмыс тәжірибесі.
6. Авиациялық фразеологияны және радиоалмасудың ережелерін білу.
7. Теңіз қондырғында тікұшаққа қызмет көрсетуді реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын және нормативтік актілерін білу.
8. Қауіпті жүктерін әуе тасымалдауды реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын және халықаралық актілерін білу.
9. Теңіз қондырғында жұмыстарын орындалуын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы мен нормативтік актілерін білу.
10. Авиациялық метеорологияның негіздерін білу.
11. Қызмет көрсетілген тікұшақтардың негізгі деректерін және тактикалық-техникалық сипаттамаларын білу.
12. Метеорологиялық және орнитологиялық жағдайын байқау және талдау іскерлігі.
13. Ұшуды қауіпсіз жоспарлау мен орындау, сонымен қатар теңіз қондырғына тікұшақты қондыру мен ұшып көтерілу үшін тікұшақтың экипажын қажетті ақпаратымен қамтамасыз ету іскерлігі.
14. Жолаушыларды, жол жүктерін тікұшақпен тасымалдауға құжаттарын ресімдеу іскерлігі.
15. Аэродромында (вертодромында) орналасқан байланыс, ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз ету құралдарын және жарық сигналы жабдықтарын бабына келтіруін, тексеруді және басқаруды жүзеге асыру іскерлігі.
16. Апаттан құтқару және өрт сөндіру жұмыстарына басшылық ету іскерлігі.
17. Тікұшақты қондыру мен ұшып көтерілгенде жолаушыларды отырғызу және түсіру, жол жүктерін тиеу және түсіру жөнінде жұмыстарын үйлестіру бойынша дағдылары.
18. Сыртқы аспалы жүктерді қабылдау және жіберу бойынша дағдылары.
19. Тікұшақ алаңына және тікұшақты қондыру мен ұшып көтерілу

қамтамасыз ету үшін жабдықтарына техникалық қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу бойынша дағдылары.

20. Апаттан құтқару және өрт сөндіру жабдықтарымен жұмыс істеудің дағдылары.

21. Әуе кемеге жанармайды құйып алу жабдықтарымен жұмыс істеудің дағдылары.

22. Мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК